

Нұра аудандық мәслихатының 26 сессиясының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 240 " 2014 жылы Нұра ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2014 жылғы 12 қыркүйектегі 30 сессиясының № 327 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 қазанда № 2791 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра аудандық мәслихатының 26 сессиясының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 240 "2014 жылы Нұра ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2616 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 мамырдағы № 18 (5355) "Нұра" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы, кіріспедегі және 1-тармағындағы "ветеринария" сөзі "агроөнеркәсіптік кешен" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Э. Таттыбаев

Аудандық мәслихат хатшысы

Б. Шайжанов

КЕЛІСІЛДІ

Э к о н о м и к а ж ә н е қ а р ж ы

М.С. Мухамеджанова

бөлімінің басшысы

16 қыркүйек 2014 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК